

Р.М. Мауиянова, М.Н. Шаяхметова

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, Қарағанды

Қазіргі қоғамдағы цифрлық сауаттылық маңызы

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар адам өмірінің барлық салаларына еніп, маңызды мәселеге айналып отыр. Адам қызметінің цифрлық технология әсер етпейтін кем дегенде бір саласын елестету қиын. Ақпаратты берудің цифрлық әдісіне көшуді барлық бағытта байқауға болады; тұлғааралық қатынастарды дамытуда, кәсіби қызметте, қызметтерді алу мен ұсынуда, демалуда және тағы басқаларында. Қазіргі жасөспірімдер ноутбуктерді, гаджеттерді тек байланыс және ойын-сауық құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар білім беру құралы ретінде де белсенді қолданады. Осыған байланысты Цифрлық сауаттылық және оның маңызы туралы мәселе туындайды.

1997 жылы американдық жазушы және журналист Пол Гилстер алғаш рет «цифрлық сауаттылық» ұғымын енгізді. Ол цифрлық сауаттылықты былай түсіндірді. Цифрлық сауаттылық-бұл компьютердің көмегімен әртүрлі форматтарда және көптеген дереккөздерде ұсынылған ақпаратты түсіну және пайдалану мүмкіндігі.[1] П. Гилстердің айтуынша, интернетте үнемі болу жаңа мінез-құлық үлгілерін, ақпаратты іздеу әдістерін, қарым-қатынас ерекшеліктерін қалыптастыруға әкеледі. Нәтижесінде, ақпараттық - коммуникациялық белсенділіктің жоғары деңгейімен сипатталатын желілік ойлау пайда болып, дамиды.

Ескере кету керек, «цифрлық сауаттылықтың» түсінігі, үнемі өзгеріп, мағынасы кеңейіп отыратын санатқа жатады. Сондықтан, бұл түсініктің бірнеше мәнін табуға болады. Тағы бір анықтама келтірсем: «Цифрлық сауаттылық» білім және білім жиынтығы, яғни, цифрлы технологиялар мен ғаламтор жүйесін және сындарлы қолдау қажет болатыны анық.

Цифрлық сауаттылықтың құрамдас бөліктері: цифрлық тұтыну, цифрлық құзыреттілік және цифрлық қауіпсіздік. Енді осы компоненттердің әрқайсысы нені білдіретінін түсіндіру қажет.

Цифрлық тұтыну - бұл интернет-қызметтерді өмір сүру үшін пайдалану. Бұған тіркелген интернет, мобильді интернет, әлеуметтік желілер, Интернет - БАҚ, жаңалықтар кіреді. Цифрлық құзыреттілік аясында цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін дағдылар қарастырылады. Бұл дағдылар интернетте ақпарат іздеумен, ақпаратты сыни көзқараспен қабылдау, гаджеттерді қолданумен, әлеуметтік желілердің функционалдығын қолданумен, қаржылық операциялармен және интернет-дүкендердегі мультимедиялық мазмұнды өндірумен, құрылғыларды синхрондаумен байланысты.

Цифрлық қауіпсіздік-бұл интернеттегі қауіпсіздік негіздерін білу. Ол өзінің дербес деректерін қорғауды, сенімді парольді, заңды контентті, интернет желісіндегі өзін-өзі ұстау мәдениетін, ақпаратты сақтауды, резервтік көшірмелерді жасауды білдіреді.

Қарастырылып отырған тақырып аясында мұғалімнің цифрлық сауаттылығының оқу барысына қаншалықты әсер ететіндігіне назар салғым келеді. Цифрлық сауаттылық оқушылардың негізгі дағдылары мен құзыреттіліктерін қалыптастыруға жағымды әсер етеді, сәтті оқуға ықпал етеді. Қазіргі цифрлық сауаттылық тек ақпараттық технологияларды меңгеруді ғана білдірмейді, сонымен қатар адам өмірінің әртүрлі салаларында ақпаратты түсіну мен түсіндірудің сыни ойлауын да қамтиды. Оқу үрдісіндегі мұғалімнің басты міндеті - оқу ақпаратын беру емес, студенттерді онымен жұмыс істеуге үйрету. Сонымен қатар, мұғалім студенттерге сенімді және сенімсіз цифрлық ресурстар арасындағы айырмашылықтарды көрсете отырып, ақпаратты бағалау бойынша сарапшы ретінде әрекет етеді. Дегенмен, мұғалім әртүрлі көздерден алынған мәліметтердегі қарама-қайшылықтарды салыстыру және анықтау үшін синтездеу қабілетіне байланысты белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін. Өйткені, бұл қиын міндет. Оқушылардың ХХІ ғасырға қажетті дағдыларын табысты дамыту үшін мұғалім цифрлық сауаттылықты өмірдегі басқа да кәсіби құзыреттерімен біріктіруді үйренуі керек.

Білім беруде заманауи цифрлық технологияларды қолданудың айқын артықшылықтарынан басқа, мұғалімдердің оқу процесінде кездесетін жағымсыз жақтары да бар. Зерттеулер көрсеткендей, смартфондар мен гаджеттер оқушыларды оқу процесінен алшақтатуы мүмкін. Сондықтан мұғалім оқу сабағын студенттер үшін қызықты және танымды ету үшін барлық күш-жігер мен білім беруі керек. Сонымен қатар, технологиялар оқушылардың қарым-қатынас дағдылары мен әлеуметтік өзара әрекеттесуіне теріс әсер етуі мүмкін. Кейбір оқытушылар гаджеттерді ұнатпайды, өйткені олар оқушылардың нақты тірі қарым-қатынас жасау қабілетін төмендетеді деп санайды. Алайда, егер мұғалім цифрлық технологияларды қолдана отырып, топтық ынтымақтастыққа бағытталған тапсырма жасаса, онда студенттер бір-бірімен белсенді қарым-қатынас жасай алады. Цифрлық технологияларды қолданудың кемшіліктерінің арасында студенттердің тапсырмаларды орындаудан жалтару жолдарын табатындығын және заманауи технологиялардың көмегімен мұны жасау өте оңай, мысалы, біреудің жұмысын көшіруге немесе пайдалануға немесе Интернетте дайын реферат немесе презентация сатып алуға болады. Осылайша, технологиялар студенттерді алдауға және тапсырмаларды орындаудан жалтаруға итермелейді. Тағы бір жағымсыз жайт-бұл интернеттегі көздердің сапасы. Сапалы ақпарат көздерін сенімсіз көздерден ажырату үшін мұғалім студенттерге сене алатын және қолдана алатын электронды білім беру ресурстарының тізімін жасап, ұсына алады. Бүгінгі таңда мұғалім цифрлық технологиялардың дамуы мен оларды білім беру процесіне енгізумен байланысты жаңа сын-қатерлерге тап болуы керек. Оқытушы цифрлық білім берудегі инновациялар қарқынын қадағалап, оқу процесін сауатты құруы керек.

Қазір педагогикалық қоғамдастықтың алдында виртуалды қоғамдағы, жоғары технологиялар әлеміндегі оқушылардың өмірге бейімделуіне байланысты бұрын белгісіз проблемалар тұр. Мұғалімдер үшін қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндет-виртуалды білім беру кеңістігінде оқушылардың адами мәнін сақтау және дамыту.